



МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank
арқылы жазылу

Құрметті Отан қорғаушылар, қадірлі жерлестер!

Баршаңызды батырлық пен ерліктің, шыдамдылық пен төзімділіктің айқын көрінісі болған 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – ел тыныштығын күзетіп, тәуелсіздігімізді нығайту жолында аянбай еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға деген ерекше құрметтің белгісі. Отанды қорғау – әрбір ер-азаматтың қасиетті борышы, елге қызмет ету – биік жауапкершілік.

Қазақстанда бұл күннің тарихи маңызы ерекше. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойылып, ұлттық армиямыздың негізі қаланды. Бүгінде бұл мереке Конституцияда бекітілген тәуелсіздік, аумақтық тұтастық пен ұлттық қауіпсіздік құндылықтарымен сабақтас.

Әскери қызмет – тәртіп пен табандылықты, батылдық пен адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Бүгінде Қазақстан Қарулы Күштері ел қауіпсіздігінің сенімді тірегіне айналып отыр.

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз». Бұл – ұрпақ санасында мәңгі сақталуға тиіс тағылымды сөз.

Отанды қорғау – тек әскери қызметшілердің ғана міндеті емес. Әрбір азамат өз саласында адал еңбек етіп, ел дамуына үлес қосу арқылы тәуелсіздігімізді нығайтады. Бұл – баршамызға ортақ жауапкершілік.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін! Аспанымыз ашық, еліміз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!



Құрметті маңғыстаулықтар!

Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

9 мамыр – ерлік пен елдіктің, қайсарлық пен отансүйгіштіктің айқын көрінісіне айналған қастерлі күн. Бұл – бейбіт өмір үшін жанын қиған батырлардың рухына тағзым етіп, олардың ерен ерлігін ұлықтайтын ұлы мереке.

Биыл бұл мерекенің маңызы тіпті арта түсуде. Жеңіс буынының ерлігі мен еліміздің Конституциясында бекітілген адамға құрмет, өмірдің, бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің құндылықтары өзара сабақтас ұғымдар. Бұл қағидастар – бүгінгі тәуелсіз еліміздің берік іргетасы.

Сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласында ерлік көрсеткен жауынгерлердің және тылда аянбай еңбек еткен жандардың алдында басымызды иеміз. Олардың жанқиярлығы мен табандылығы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның берік негізі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Фашизмге қарсы соғыс халқымызға өлшеусіз қайғы екеді. Алайда жауынгерлеріміз ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсетіп, азаттық жолында аянбай күресті». Бұл – ұрпақ санасында мәңгі сақталатын тарихи ақиқат.

Өкінішке қарай, уақыт өткен сайын ардагерлеріміздің қатары сиреп барады. Бүгінде Маңғыстау өңірінде көзі тірі жалғыз ғана Ұлы Отан соғысының ардагері қалды. Ол – тұтас бір дәуірдің тірі күәсі, елге үлгі боларлық асыл жан. Ардагерімізге деген құрмет – өткенге тағзым, болашаққа аманат.

Баршаңызды бейбітшілік пен келісімді дәріптеуге, ардагерлерге құрмет көрсетіп, оларға жан-жақты қолдау білдіруге шақырамын. Бұл – ортақ парызымыз.

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Елімізде әрдайым бейбітшілік орнап, бірлігіміз нығая берсін!

Жеңіс күні құтты болсын!

Құрметпен, Маңғыстау облысының әкімі

Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ

ТҮБЕК ТЕМІР ЖОЛЫ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНДЕ ТЕМІР ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ІРІ ЖОБАЛАР ТҮБЕКТІҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ӨЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУҒА ЖОЛ АШАДЫ.



Бүгінде Бейнеу – Маңғыстау учаскесінде орналасқан сегіз бірдей бекет жаңғыртудан өтуде. Атап айтқанда, Бейнеу «Б» паркі, сондай-ақ №2, №4, №6, №10, №12, №13 және №15 бекеттерінің басында құрылыс жұмыстары қызу. Жоба аясында қабылдау-жөнелту жолдары салынып, қолданыстағы темір жол желілері ұзартылып жатыр.

Сала мамандарының айтуынша, жүргізіліп жатқан жұмыстар нәтижесінде пойыздарды өткізу мүмкіндігі едәуір артады. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 12 жұп пойызды құраса, жаңғырту аяқталған соң 17 жұп пойызға дейін жеткізу көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде өңір арқылы өтетін жүк ағынын арттырады.

Жоба Мемлекет басшысының көлік-логистика саласын дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында өткен жылы басталған. Содан бері құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Қазіргі таңда ұзындығы 1050 метрден кем емес қабылдау-жөнелту жолдары салынууда. Мәселен, Бейнеу «Б» паркінде жеті бірдей жол төселіп, №2, №6, №10 және №12 бекеттерінде жаңа жолдар салынған.

Сонымен қатар қолданыстағы жолдарды ұзарту жұмыстары да бірқатар станцияларда жүргізілуде. Бұл жұмыстар №2, №4, №6, №10, №12, №13 және №15 нысандарын қамтиды.

Аталған жобаны бас мердігер – «Темір жол жөндеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ПМС-Ақтөбе) жүзеге асыруда. Мамандардың айтуынша, барлық жұмыстар белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр.

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің инфрақұрылымды дамыту бөлімінің басшысы Болат Абатаевтың сөзінше, қазіргі таңда өңірдегі станция жолдарының ұзындығы вагондарды қабылдауға жеткілікті болғанымен, алдағы жүк тасымалының артуы қосымша мүмкіндіктерді талап етеді.

– Қазір станция жолдарының ұзындығы 57-58 шартты бірлікті құрайды, бұл вагондарды еркін орналастыруға мүмкіндік береді. Алайда болашақта контейнерлік пойыздардың саны артады деп күтілуде. Сондықтан біз жолдардың ұзындығын ұлғайтып, сыйымдылығын 71 шартты бірлікке дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз, – дейді Болат Абатаев.

Оның айтуынша, жобаның басты мақсаты – ұзартылған контейнерлік жүк пойыздарын кедергісіз өткізу.

Жаңғырту жұмыстары тек жол салумен шектелмейді. Сонымен қатар Бейнеу – Шалқар учаскесінде темір жол автоматикасы да жаңартылып жатыр. Атап айтқанда, бұрынғы жартылай жедел бұғаттау жүйесі заманауи жедел бұғаттау жүйесіне ауыстырылуда. Бұл мақсатта 268 шақырым аумақта траншея қазылып, байланыс кабельдері төселуде. Мұндай жаңашылдық пойыз қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, басқару жүйесін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Түбек темір жолын жаңғырту – стратегиялық маңызы бар жоба. Ол Маңғыстау облысының транзиттік әлеуетін арттырып қана қоймай, халықаралық көлік дәліздеріндегі рөлін күшейтеді.

Сарапшылардың пікірінше, бұл жұмыстар аяқталған соң өңір арқылы өтетін жүк көлемі артып, логистикалық қызметтердің сапасы жақсарыды. Ал бұл өз кезегінде аймақ экономикасының дамуына оң әсерін тигізбек.

Шахида ЖҰМАН

• БҮГІНГІ САНДА

КАСПИЙ АЙДЫНЫНЫҢ САҚШЫЛАРЫ

» 4



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЛТЫНЫНАН ҮМІТТІМІЗ

» 13



СУБСИДИЯЛАНАТЫН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында мемлекет қолдауы іске асырылуда. Солардың бірі – субсидияланатын жұмыс орындары.

2026 жылдан бастап субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Жаңартылған тәртіп жұмыс берушілерге қойылатын талаптарды нақтылап, өтінім беру және қарау рәсімдерін жетілдіреді. Субсидияланатын жұмыс орындары жоғарыда айтып өткендей, қоғамдық жұмыстарды, әлеуметтік жұмыс орындарын, «Күміс жас» жобасын, жастар практикасын жобаларын қамтиды.

Қағида талаптарының өзгерістеріне тоқтала кетсек, жұмыс берушілердің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру өтінім берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Электрондық еңбек биржасы немесе мансап орталығы арқылы жүзеге асырылады.

Мансап орталықтары субсидияланатын жұмыс орындарын:

1. Жекеменшік нысанындағы коммерциялық заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің, шаруа қожалықтары өтінімдері бойынша:

– Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жұмыс істеп тұрған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер мәртебесі болған;

– өтінім берген күннің алдында 12 айдан астам қызметті жүзеге асырған;

– банкроттық немесе таратылу рәсімі болмаған;

– терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болмаған;

– еңбек мобильділігі орталығымен субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы бұрын жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді толық орындаған (бар болса);

– өтінім берген күнге жалақы бойынша мерзімі өткен берешек болмаған;

– Кодекске және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінім берген күннің алдындағы соңғы 12 айда әлеуметтік төлемдерді тұрақты жүргізген;

– жалған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған салық төлеушілердің тізбесінде болмаған;

– өтінім берген күнге тіркелген электрондық еңбек шарттары бар жұмыскерлердің тізімдік саны болған кезде;

– өткен күнтізбелік жылы өзінде субсидияланатын жұмыс орындарындағы жұмысын аяқтаған (өтінім берген күнге) жұмыссыздардың кемінде 10%-ын (бірақ кемінде 1 жұмыссызды) міндетті түрде тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырған (бар болса) кезде.

2. Мемлекеттік мекемелердің, олардың ведомстволарының және ведомстволық бағынысты ұйымдарының, сондай-ақ акцияларының елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі

заңды тұлғалардың өтінімдері бойынша.

3. Үкіметтік емес ұйымдардың, олардың филиалдарының және өкілдіктерінің өтінімдері бойынша:

– «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының заңы 6-3-бабының 1-тармағына сәйкес үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында үкіметтік емес ұйым туралы мәліметтер болған;

– арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімінде болмаған кезде ұйымдастырады.

Қоғамдық жұмыстар алдын ала кәсіптік даярлықты талап етпейді, әлеуметтік пайдалы сипатқа ие. Бұл бағыт арнайы білімі жоқ азаматтарға уақытша жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Қоғамдық жұмыстар барлық меншік нысанындағы ұйымдарда ұйымдастырылады.

Әлеуметтік жұмыс орындары мен «Күміс жас» жобасы жекеменшік ұйымдарда іске асырылады және біліктілігі төмен жұмыс орындарын құруға жол берілмейді. Яғни мамандық талап етеді. Жастар практикасы және өзге де жастар жобалары түлектің алған мамандығы немесе ұқсас кәсіп бойынша ұйымдастырылады.

Жұмыссыздарды субсидияланатын жұмыс орындарына орналастыру жұмыссыз ретінде тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен, күнтізбелік жыл ішінде бір рет жүзеге асырылады. Бос тұрақты жұмыс орны болған жағдайда жұмыс беруші қатысушыны тұрақты жұмысқа қабылдай алады.

Өтінімдер электрондық еңбек биржасы (www.enbek.kz) арқылы қабылданады.

Еңбек мобильділігі орталығы өтінім берген ұйымдардың тізбесін және жұмыс орындарының санын бекітеді. Қарау нәтижесі жұмыс берушінің жеке кабинетіне автоматты түрде жолданады.

Тізбе бекітілген күннен бастап 2 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық еңбек биржасында автоматты түрде субсидияланатын жұмыс орны бойынша бос орын құрылады. Жарияланған бос орын 90 (токсан) күнтізбелік күн ішінде толтырмаса жойылады.

Жұмыс берушіні тізбеге енгізуден бас тартудың негізгі себептері бар. Олар:

– электрондық еңбек биржасы (www.enbek.kz) арқылы ұсынылған мәліметтердің дәйексіздігі;

– бұрынғы шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы;

– арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімінде болуы;

– әлеуметтік пайдалы бағыттылығы жоқ кәсіптер (мамандықтар) бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйым-

дастыруға өтінім беру;

– заңнамада көзделген жағдайларда мемлекеттік білім беру тапсырысын немесе медициналық қызмет көрсетуі бойынша қаржыландырудың болмауы;

– кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға қатысатын жұмыс берушілер;

– әлеуметтік жұмыс орындарын және (немесе) «Күміс жас» жобасын ұйымдастыруға өтінім беретін жұмыс берушілерді қоспағанда, ағымдағы жылы гранттар немесе микрокредиттер алған ұйымдар;

– мемлекеттік сағып алулар шеңберінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыратын ұйымдар;

– банкроттық немесе тарату рәсімінде болуы табылады.

Сонымен қатар қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған жұмыс орындарының шектік саны белгіленді. Олар:

1. Жеке меншік нысандағы коммерциялық заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа (фермер) қожалықтары және әлеуметтік кәсіпкерлер үшін 1-ден 5 жұмыс орнына дейін.

2. Үкіметтік емес ұйымдар, олардың филиалдары және (немесе) өкілдіктері үшін:

– республикалық маңызы бар қалаларда және (немесе) астанада қызметін жүзеге асыратындар үшін 1-ден 10 жұмыс орнына дейін;

– облыстық маңызы бар қалаларда, аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда және ауылдық округтерде қызметін жүзеге асыратындар үшін 1-ден 5 жұмыс орнына дейін.

3. Қалалық елді мекендерде орналасқан мемлекеттік мекемелер, олардың ведомстволары және ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлес-терінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар үшін 1-ден 5 жұмыс орнына дейін.

4. Ауылдық елді мекендерде орналасқан мемлекеттік мекемелер, олардың ведомстволары және ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлес-терінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар үшін:

– халық саны 200 адамға дейінгі ауылдық елді мекендерде – сол елді мекенде тұратын халықтың жалпы санынан субсидияланатын жұмыс орындарының 5%-ына дейін;

– халық саны 201-ден 500 адамға дейінгі ауылдық елді мекендерде – сол елді мекенде тұратын халықтың жалпы санынан субсидияланатын жұмыс орындарының 3%-ына дейін;

– халық саны 501 адамнан асатын ауылдық елді мекендерде – сол елді мекенде тұратын халықтың жалпы санынан субсидияланатын жұмыс орындарының 2%-ына дейін құрайды.

Аталған өзгерістер мемлекеттік қаржыландыруды қайталамауға және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамту арқылы олардың еңбек нарығына қайта оралуына және тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасау.

Қосымша ақпаратты www.enbek.kz порталынан алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«СП Арман» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «Арман кен орнындағы тігінен жобалық тереңдігі 1385 метр №215 көлбеу бағытталған пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі және табиғатты қорғау іс-шарасының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір а.о., мәдениет үйінің ғимаратында, 2026 жылы 11 маусым, сағат 11.00-де қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/84774477862?pwd=va8NwceC9ob4GplbFKM2gl60tDvlat.1>

Конференция идентификаторы: 847 7447 7862

Кіру коды: 932727

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «СП Арман» ЖШС, Ақтау қ., 12-шағынаудан, 79/4, БСН: 940740000832, эл.пошта: armanjv@armanjv.kz, Сян Чжибинь тел. 7(7292) 20-28-25.

Жобаны жасақтаушы: «КазНИГРИ» ЖШС, БСН: 9912 40001478, эл. пошта: info@kaznigri.kz, тел: 8(7122) 76 30 90.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8(7292) 43-10-88.

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystaueco/activities/31827?parentId=31823&lang=ru> сайтында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электронды мекенжай бойынша қабылданады s.bazarbay@mangystau.gov.kz және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады: zh.kalemova@kaznigri.kz, тел. 8(7122)763090-217.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС «Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына қатысты жаңа газ өңдеу зауытын пайдалану кезеңіне өзгерістер енгізілуіне байланысты (бұған дейін қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізілген) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 65-бабы 1-тармағы 3-тармақшасына және 73-бабына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау: 2026 жылдың 11 маусымда сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., өнеркәсіптік аймақ мекенжайындағы «ҚазГӨЗ» ЖШС компаниясының өкімшілік ғимаратындағы 201 кабинеттің мәжіліс залында өтеді.

ZOOM платформасында онлайн қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/2537868063?pwd=7131s5SzyWaNXUmarf5CbeeXhLZWD0.1&omn=71074344082>

Конференция идентификаторы: 253 786 8063. Кіру коды: 953833.

Ұйымдастырушы: «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, БСН: 061040003532, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., өнеркәсіптік аймақ, тел.: +7 729 3464605, эл. мекенжайы: axo@kazgprz.kmg.kz.

Есеп жобасын әзірлеуші: «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС, БСН:070640001953, Алматы қ, тел.: +7 727 2341668, эл. мекенжайы: almaty@kape.kz.

Жоба құжаттамасымен қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz> ескертулер мен ұсыныстар беру үшін.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ға жолдауға болады, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: +7 778 1139897.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 727 2341668, эл. мекенжайы: almaty@kape.kz.

Учаскенің географиялық координаттары:

Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1 52,790956	43,364117
2 52,796414	43,364731
3 52,790839	43,372928
4 52,794556	43,374086

Ықтимал әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1 52,777346	43,368653
2 52,787465	43,379501
3 52,807697	43,370059
4 52,798209	43,355823

2026 ЖЫЛҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Заңды тұлғаларға жарты жылға
Редакция арқылы 8185,00 теңге
Қазпошта арқылы 12940,98 теңге
Индекс 15492

Жеке тұлғаларға жарты жылға
Редакция арқылы 4092,5 теңге
Қазпошта арқылы 6473,76 теңге
Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!

**Бұл бос орын сіздің
ЖАРНАМАҢЫЗҒА
АРНАЛҒАН
ТЕЛЕФОН: 20-48-42**

